

«Акушерия және гинекология» пәні бойынша
 Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы
 (2023 жылдан бастап қолдану үшін)

- 1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.
- 2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** «09120100 - Емдеу ісі» мамандығы, 4S09120101 – Фельдшер біліктілігі, «09130200 - Акушерлік іс» мамандығы, 4S09130201 – Акушер біліктілігі және «09130100 - Мейіргер ісі» мамандығы, 3W09130101 - Күту ісінің кіші мейіргері, 3W09130102 – Массажист, 4S09130103 - Жалпы практикадағы мейіргер біліктіліктеріне арналған «Акушерия және гинекология» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

| № | Тақырып | № | Тақырыпша |
|----|---|----|---|
| 01 | Әйелдердің репродуктивтік жүйесінің анатомиясы мен физиологиясы. Жүктілік физиологиясы. | 01 | Сыртқы және ішкі жыныс мүшелерінің анатомиясы мен физиологиясы. Менструальдық цикл және оның реттелуі. |
| | | 02 | Жүктілік кезіндегі әйел организміндегі өзгерістер. Физиологиялық жүктілікті жүргізу. Диагностика. Акушерия және перинатологиядағы қосымша зерттеу әдістері. Босануға дейінгі күтімдегі мейірбикенің рөлі. |
| 02 | Жүктілікті көтереалмаушылық. Мезгілінен асқан жүктілік. | 03 | Жүктіліктің түсу қаупі, жүрістегі түсік. Толық немесе толық емес түсік, дамымаған жүктілік. Диагностикасы және емдеу. Медбикелік күтім. Мезгілінен асқан жүктілік Клиникалық көрінісі және диагностикасы. Босанудың ағымы және оны жүргізу. |
| 03 | Жүктілер токсикозы және артериалды гипертензиясы | 04 | Жүкті әйелдердегі құсу. Жүкті әйелдердегі құсудың клиникалық жіктелуі. Негізгі диагностикалық зерттеулер. Емдеу мақсаттары. |
| | | 05 | Созылмалы артериялық гипертензия, гестациялық, преэклампсия, эклампсия, HELLP синдром. Диагностикасы. Емдеу тактикасы. Жедел жәрдем. |
| 04 | Босану физиологиясы және патологиясы | 06 | Босану кезеңдері. Босанудың биомеханизмі. Босанудың I, II, III кезеңдерінің клиникалық ағымы. Жаңа туған нәрестені алғашқы өңдеу. Босанудағы акушердің рөлі. Босанғаннан кейінгі кезеңнің физиологиясы |
| | | 07 | Жамбаспен жату. Босану әрекетінің аномалиясы |
| | | 08 | Босанғаннан кейінгі іріңді-септикалық аурулар. Ананың босану кезіндегі жарақаттары. |

| | | | |
|--|--|----|---|
| 05 | Акушерлік қан кетулер | 09 | Жүктіліктің бірінші және екінші жартысында қан кету. Плацентаның жатуымен байланысты қан кету. Қалыпты орналасқан плацентаның мезгілден бұрын бөлінуімен байланысты қан кету. |
| | | 10 | Босанғаннан кейінгі және ерте кезеңде қан кету. Геморрагиялық шок. Тамырішілік қан ұю синдромы. Жедел жәрдем. |
| 06 | Әйел жыныс мүшелерінің қабыну аурулары. Гинекологиядағы жедел іш | 11 | Ерекшеліксіз және ерекшелікті этиологиядағы әйел жыныс мүшелерінің қабыну аурулары. Қоздырғыштар, клиникасы, диагностикасы, емнің мақсаты. Мейірбикелік күтім. |
| | | 12 | Жатырдан тыс жүктілік Аналық без апоплексиясы. Аналық без ісіктерінің аяқтарының бұралуы. Клиникасы, диагностикасы. Шұғыл көмек. |
| 07 | Менструальдық функция бұзылысы | 13 | Менструальдық цикл бұзылуларының жіктелуі. Аменорея және гипоменструальдық синдром. Жатырдан аномальды қан кету. Диагностика. Емдеудің мақсаты мен тактикасы. Жатырдан аномальды қан кетудегі мейірбикелік процесс. |
| Мәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б). | | | |

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Әйелдердің репродуктивтік жүйесінің анатомиясы мен физиологиясы. Жүктілік кезіндегі әйел ағзасындағы өзгеруі. Жүктілік диагностикасы және жүктілікті жүргізу. Жүкті әйелдердің құсуы. Презклампсияның жеңіл және ауыр дәрежесі. Эклампсия. Жүктіліктің үзілу қаупі. Түсік; толық, толық емес. Жүрістегі түсік. Мерзімінен асқан жүктілік. Босану физиологиясы және патологиясы. Нәрестенің жамбаспен келуі. Босану әрекетінің аномалиясы. Босанғаннан кейінгі септикалық асқынулар: Ананың босану кезіндегі жарақаттары. Акушериялық қан кетулер. Плацентаның жатуы. Қалыпты орналасқан плацентаның мерзімінен бұрын бөлінуі. Әйел жыныс мүшелерінің қабыну аурулары. Гинекологиядағы іштеспе: Эктопиялық жүктілік. Аналық бездің апоплексиясы. Аналық без ісігі аяқтарының бұралуы. Менструальдық функция бұзылысы.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:

Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

8. Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептеледі.


Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. «Акушерия» Р.С. Бейсенбаева, Ә.Т. Раисова 2008 жыл
2. Гинекология. К.Сейтжанова, Л. Калиева, Б. Малгаждарова.,2012.
3. «Акушерия және гинекология» Ә.Т. Раисова, Р.Ф. Нұрқасымова 2006 ж
4. «АКУШЕРИЯ» практикалық сабақтарға басшылық М.В. Дзигуа, А.А. Скребушевская 2022 ж
2. Акушерия және гинекология пәнінен студенттердің өзіндік жұмысына арналған оқу құралы : учебник / Ә. Т. Раисова, Г. Ж. Бодыкова.- Алматы: "ЭВЕРО", 2011.-127
3. Акушерия. Г.М. Савельева.,Р.И. Шалина.,2018г
2. Гинекология: учебник/под ред. Савельева Г.М., М.: ГЭОТАР-Медиа, 2012
3. Акушерство. Национальное руководство., Под редакцией Э.К. Айламазан, В.Е. Радзинский, Москва., 2011.
4. Гинекология.Под редакцией В.Н. Серова, Е.Ф. Кира.,2008.
5. Гинекология. Национальное руководство+СД. Кулаков В.И., Савельева Г.М., Манухин И.Б. М., 2009
6. Клинические протоколы по акушерству и гинекологии МЗ РК.,
7. Акушерство и гинекология / И. К. Славянова.-Изд. 5-е, доп. И перераб.- Ростов н/Д: Феникс, 2012.-573, [1] с.-(Медицина).

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Техникалық және кәсіптік
білім департаменті


_____ (қолы) _____ (Т.А.Ә)
« _____ » _____ 2023 ж.







